

«Қос-Қорған» жалпы орта мектеп
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Бұйрық
№35

Қосқорған ауылы

2022-2023 оқу жылының аяқталуы
және 9 (10)11 (12) - сынып білім
алушыларды қорытынды
аттестаттаудан өткізу мерзімінде
бекіту туралы.

21.04.2022ж

Түркістан облысы, «Сауран ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік
мекемесінің 20.04.2023 жылғы №73н/к санды бұйрығын басшылыққа алып орындау
мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектепте оқу сабақтары 2023 жылғы 31 мамырда аяқталсын.
2. 9-сыныптарда білім алушыларының қорытынды бітіру емтихандары
2023 жылғы 02.06-13.06 аралығында өткізілсін.
3. 11-сыныптарда білім алушыларының мемлекеттік бітіру емтихандары
2023 жылғы 05.06-19.06 аралығында өткізілсін.
4. Қорытынды аттестаттау өткізудің мерзімдері:
 - 9 - сынып білім алушылары үшін:
 - 4.1) Қазақ /өзбек (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан 2023 жылғы 2 маусым;
 - 4.2) Математика (алгебрадан) жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) 2023 жылғы 6 маусым;
 - 4.3) өзбек тілінде оқытатын сыныпта қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмалар орындау) және қазақ тілінде оқытатын сыныпта орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмалар орындау) 2023 жылғы 9 маусым ;
 - 4.4) Таңдау пәндері: 9-сынып (оқыту тілі қазақ тілі) білім алушылары өз таңдаулары негізінде биология пәнінен, : 9-сынып (оқыту тілі өзбек тілі) білім алушылары өз таңдаулары негізінде биология пәнінен 2023 жылғы 13 маусым.
 - 11- сынып білім алушылары үшін:
 - 4.5) Қазақ/өзбек (оқыту тілі) эссе нысанында жазбаша емтихан 2023 жылғы 5 маусым ;
 - 4.6) Алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан 2023 жылғы 8 маусым;
 - 4.7) Қазақстан тарихы пәнінен ауызша емтихан 2023 жылғы 12 маусым ;
 - 4.8) Өзбек сыныптарында қазақ тілі мен әдебиет пәнінен, қазақ тілінде оқытын сыныптарда орыс тілі мен әдебиет пәнінен жазбаша емтихан 2023 жылғы 15 маусым ;
 - 4.9) Таңдау пәндері: 11 -сынып (оқыту тілі қазақ тілі) білім алушылары өз таңдаулары бойынша орыс тілі пәнінен, 11-сынып (оқыту тілі өзбек тілі) білім алушылары өз таңдаулары бойынша физика пәнінен жазбаша емтихан 2023 жылғы 19 маусым.
5. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау оқу ісі меңгерушісі С.Ахмедоваға жүктелсін.

Мектеп директоры :



М. Изатуллаева